

Түркістан облысы
Сарыағаш ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
№ 74 жалпы орта білім беретін мектебі

Педагог – психолог Құралбек Нұргүлдің 2022 – 2023
оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық
қорытынды есебі

2022 - 2023 оқу жылы

Сарыағаш ауданы

№74 жалпы орта білім беретін мекемесінің педагог – психологі
Н.Құралбектің 2022 – 2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының
жылдық есебі.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2022 жылдың қыркүйек айының бірінші аптасында 1-9 күндерінде 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде 5 оқушының бейімделу деңгейінің төмен екені анықталды. Сауалнама әр бір оқушымен жеке – жеке сөйлесу арқылы, мектепке қатысты сұрақтар қойыла отырып, түрлі жағдаяттық сұрақтарға өз ойларымен жауап беру арқылы алынды. Сауалнама нәтижесі сынып жетекшілеріне хабарланып, бейімделуі төмен оқушыларға бақылау әдісі жүргізілді. 1 – сынып оқушыларының ата – аналарына жиналыс өткізіліп, бейімделу кезеңіндегі қиыншылықтармен таныстырып, психологиялық кеңестер берілді.
2. 2022 жылдың қыркүйек айының екінші және үшінші аптасында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау сауалнамалары алынып, нәтижесі бойынша 10 оқушының орта буынға бейімделе алмағаны анықталып, топтық психологиялық жаттығулар мен тренингтер «Менің сыныбым» «Менің мектебім» «Менің достарым» «Менің арманым» тақырыптарында жүргізілді. Мұғалімдеріне және ата-аналарына қажетті ұсыныстар берілді.
3. 2022 жылдың қыркүйек айының төртінші аптасында ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша топтық және жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
4. 2022 жылдың қазан айының бірінші және екінші аптасында 3 – 14 күндерінде 5 сынып оқушыларының қабілетін анықтау мақсатында 5 «А,Ә» сынып оқушыларынан қабілет сауалнамасы алынды. Нәтижесінде Ұйымдастырушылық (коммуникация, байланыс) қабілеті жоғары 2, орта 10, төмен 36. Ынтымақтастық (коллаборация) қабілеті жоғары 3, орта 44, төмен 1. Шығармашылық (креативті) ойлау қабілеті жоғары 40, орта 8, төмен 0. Сыни ойлау (критикалық) қабілеті жоғары 6, орта 36, төмен 6 оқушы екені анықталып, нәтижесі білім бөліміне жіберілді.
5. 2022 жылдың қазан айының үшінші, төртінші аптасында 17 – 28 күндерінде 2-11 сыныптар арасылығында «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жүргізу және «Тәуекел тобын» анықтау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде 72 оқушының «Тәуекел» тобында екені анықталды, Оның жасыл деңгейінде 56, сары деңгейінде 16, қызыл деңгейде 0 екені анықталды. «Тәуекел» топ бойынша ата – аналары мен мұғалімдеріне

- түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларды бақылау, топтық және жеке кеңес жұмыстары, психологиялық жаттығулар мен тренингтер жүргізілді.
6. 2022 жылдың қараша айында 9 – 10 – 11 сынып оқушыларынан мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында ДЖ.Холланд сауалнамасы алынып нәтижесі шығарылды. 5 – 11 сынып оқушыларынан Темперамент тесті алынды нәтижесі талданып қорытындысы шығарылды. 5 – 11 сынып оқушыларынан ата – ана мен мұғалімдер арасындағы қарым – қатынасын анықтайтын сауалнама алынып нәтижесі шығарылды.
 7. 2022 жылдың желтоқсан айында психологиялық саулықты жақсарту мақсатында «Бақытқа жол» айлығы өткізілді. Айлықта оқушылар мен мұғалімдермен семинар тренингтер жүргізілді. Сынып жетекшілер сыныптарымен түрлі ашық сабақтар, кездесулер, сұқбаттар өткізіліп, аудандық марапатқа белсенді қатысқан бір сынып жетекші ұсынылып, мектепішілік марапатқа 3 сынып жетекші марапатталды.
 8. 01.12.22ж күні айлықтың ашылуын екі аусым арасында мектеп ұжымы мен оқушыларына тренингтер өткізді. Адамның психологиялық саулығы туралы оқушылармен пікір алмасып, аффермациялар жазылған тәттілер таркатылып берілді.
 9. Педагогтарға арналған әр аптаның сейсенбі күндерінде «Конфликт және оның адамның психологиялық саулығына әсері» тақырыбында Н.Құралбек семинар-тренингтер өткізді.
 10. «Сенің қолыңнан келеді» тақырыбында 2.12.22ж күні 5^{аә} сынып жетекшілері А.Оспанбекова А.Өтебай өз сынып оқушылардың бір-бірін түсінуіне, ұжымдық көңіл-күй қалыптасуына, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруіне, өзіндік бағасын көтеруге арналған сұхбат өткізді. Әрбір оқушының мүмкіндіктері туралы пікір алмасып, оларға алдағы мақсаттарына жетуге мотивация берілді.
 11. 05.12.22ж күні «Саулық әлемінде» ойын-саяхат 2 – 3 сынып балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, өз денсаулықтарына дұрыс көзқараспен қарап, денсаулықты күту жолдарымен таныстырды.
 12. «Сән және саулық» 10^{аә} сынып оқушылары арасында мода әлемі туралы, киім кию үлгісінің денсаулыққа алып келер пайдасы мен зияны туралы сынып жетекшілер А.Анарбаева мен А.Дадабекова 06.12.22ж күнгі сабақтарында лекция оқып, талқыланды.
 13. 07.12.22ж күнгі ойлану сабағы. «Абайдың қара сөздері» тақырыбында 6^{аә} сыныбы өткізді. Адамилық қасиеттерін қалыптастыру, қара сөздерінен тәлім-тәрбие алу, имандылық тәрбиесін беру сабағы өткізілді.
 14. «Досың кім екенін айтсаң, сенің кім екеніңді айтамын» тақырыбындағы 7^{аә} сынып оқушыларымен 08.12.22ж күні мұғалімдер А.Байжиенова мен Ж.Жунисова жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға шақыратын сұқбат-диалогы ретінде өткізілді. Оқушылар «Өз досыңды суреттеп жаз» жаттығуына белсене қатысты. Достық туралы мақал-мәтелдер айтып жарысты.

15. 12.12.22ж күні «Адамның тәрбиесі – оның бет-әлпетін көрсететін айна» 8^а сынып оқушыларының мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту, мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу сынып сағаты ретінде өткізілді. Сынып сағатында сұлулықтың түрлері туралы пікір алмасты.
16. 13.12.22ж күні Этикет сағаты. «Бір-бірімізге комплимент айтайық!» 9^а сыныптар оқушыларымен комплимент басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектесетін бірақ,қарапайым құрал екені туралы түсіндірілді.
17. 14.12.22ж күні «Мен және анам» суреттер коллажы тәлімгер Д.Сабырова 10 а сынып оқушыларының суреттер коллажын құнды деп ұсынды. Сынып «Алғыс хатпен» марапатталды.
18. Психологиялық тренинг. «Біз сондай қызықпыз!» 5-6 сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту, ұжымшылдығын дамыту мақсатында 15.12.22ж күні тренингтер өткізілді. Тренингте «Менің эмоциям», «Жемістерді жина», «Таңғажайып дорба» жаттығулары жүргізілді. Оқушылар ойындар мен жаттығуларға белсене қатысып, өз ойларын білдірді. Қорытындылау үшін «Сіз қандай оқушысыз?» жаттығуы жүргізілді.
19. 21.12.22ж күні Психологиялық ойын. «Егер де мен...» (5-6 сыныптар) араасында мектеп психологы Н.Құралбек оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту, ұжымшылдығын дамыту мақсатында өткізді. Психологиялық ойында «мен саған сенемін», «Қарлы шеңбер», «Менің бүгінгі көңіл – күйім» «Кім жылдам» жаттығулары жүргізілді.
20. 23.12.22ж күні айлықтың жабылуында мектеп психологтары айлыққа белсене қатысқан сыныптарды «Алғыс хатпен» марапатталды. Олар 3^а, 4^а, 2^а сыныптары марапатталды.
21. 16-23.01.23ж күндері арасында «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылықтың, өзіне – өзі қол салу, буллинг, ерте жүктіліктің алдын алу, ұжымдық, достық қарым – қатынасты нығайту мақсатында апталық ұйымдастырылып өткізілді.
22. 16. 01.23ж күні апталықтың ашылуын офлайн форматтағы 9-10-11 сынып оқушыларына «Хабарласыңыз, көмектесеміз» айдарының ашылғанымен хабарлады.
23. 16. 01.23ж күні 9-11 сынып оқушылары арасында «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында эссе байқауы мектеп кітапханасында ДТІЖО мен кітапхана меңгерушісінің жетекшілігімен өткізілді.
23. 17. 01.23ж күні «Бақытты балалық шақ» тақырыбында 5 -7 сынып оқушыларының арасында Райымбеков Қайрат ағайдың жетекшілігімен көркем суреттер байқауы өткізілді.
24. 17. 01.23ж күні «Балалық шақты қорғайық» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен және А.Айтқулованың жетекшілігімен кітап көрмесі өткізілді.

- 25.16-20.01.23ж күндері 1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
- 26.18-19.01.23ж күндері «Баға жетпес балалық шақ» тақырыбында 5-10 сынып оқушыларының қатысуымен және дене тәрбиесі ұстаздарының жетекшілігімен спорттық ойындар жүргізілді.
27. 20.01.23ж күнгі дөңгелек үстел «Жасөспірім және көше»тақырыбында 8-10 сыныптарының қатысуымен өткізілді. .
- 28.18-19.01.23ж күндерінде педагог – психолог Н.Құралбектің ұйымдастыруымен «Көңілді тренингтер» шеруі 5-11 сынып оқушыларымен өткізіді.
29. 20.01.23ж күні «Қызым үйде, қылығы түзде» 8-11 сынып қыздарының қатысуымен, тәлімгер Д.Сабырованың жетекшілігімен қыздар жиналысы өткізілді.
- 30.13.12.22ж күні Этикет сағаты. «Бір-бірімізге комплимент айтайық!» 9^а сыныптар оқушыларымен комплимент басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектесетін бірақ,қарапайым құрал екені туралы түсіндірілді.
31. 23.01.23ж күні «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» апталығының жабылуы өткізіліп, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.
32. 26.01.23ж күні 11^а–сынып оқушыларымен ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау тренингтері жүргізілді.
- 33.27.01.23ж күні педагог – психолог Н.Құралбек 11^а – сынып оқушыларына «Біз ҰБТ – ға сеніммен барамыз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп, оқушылармен пікір алмасып, қажетті кеңестер берді.
34. «Сенің қолыңнан келеді» тақырыбында 30.01.23ж күні 4^а сынып оқушыларымен психолог Н.Құралбек көңілді тренинг – сабағын өткізді.
- 35.31.01.23ж күні педагог – психолог Н.Құралбек «Мамандық әлеміне саяхат» тақырыбында 9^а сынып оқушыларымен тренинг – сабақ жүргізіп, мамандық таңдаудың маңыздылығын жіті түсіндіріп, сұранысқа ие мамандықтармен бөлісті.
36. 13-24.02.23ж күндері арасында «ӨМІР бұл бақыт оны өз қолыңмен ЖАСА!» ұжымда және оқушылар арасында жағымды эмоционалды күй қалыптастыру мақсатында декада ұйымдастырылып өткізілді.
- 37.13.02.23ж күні педагог – психолог Н.Құралбек декаданың өткізілетіні жайындағы жоспарымен бүкіл ұжымды және оқушыларға хабарлап, белсенділік танытуға шақырды.
38. 13.02.23ж күні 5-11 сынып оқушылары арасында «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.
- 39.14.02.23ж күні педагог – психолог Н.Құралбек таңғы және түскі ауысымдағы оқушыларды тәттілер ілінген «Мен өмірді таңдаймын» көңіл – күй ағашымен күтіп алды.
40. 5-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 15.02.23ж күні «Біз өмірге дауыс береміз» тақырыбындар плакаттар сайысы өткізілді. Барлық сынып

- бір – бір плакатқа сурет салып шығарды, плакаттар мектеп қабырғаларына ілінді.
- 41.16.02.23ж күні 5-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Өмір бұл бақыт» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
 - 42.16.02.23ж күні 5-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Әлеуметтік желі өрмегінде» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
 - 43.17.02.23ж күнгі 5-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Өмірге күлімсірейміз» тақырыбында сұхбат өткізілді.
 - 44.17.02.23ж күні педагог – психолог Н.Құралбектің ұйымдастыруымен «Өтпелі кезең және бала бойындағы қиындықтары» тақырыбында педагогтармен сұхбат өткізді.
 - 45.20.02.23ж күні «Біз біргеміз» акциясысын әлеуметтік педагог Б.Будембаева 5-11 сынып оқушыларымен өткізді. Жиналған қаражат Түркия еліне көмек қорына аударылды.
 - 46.20.02.23ж күні ақпараттық сұхбатты педагог – психолог «Психоэмоционалдық жағдайдан арылу тәсілдері» мектеп педагогтарымен өткізді.
 - 47.21.02.23ж күні «Өмір құндылығы» тақырыбында әлеуметтік педагог Б.Будембаева 5-11 сынып оқушыларымен ойлану сабағын өткізді.
 - 48.21.02.2023ж күні психолог Н.Құралбек және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Жақсы сөз жарым ырыс» жақсы сөз айту, сыпайылық күні өткізілді, барлық оқушылар мен педагогтар қамтылды.
 - 49.«Мен өзгерсем әлем өзгереді» педагог – психолог Н.Құралбек 22.02.2023ж күні педагогтармен тыныштық сағатын өткізді.
 - 50.22.02.2023ж күні 5-11 сынып жетекшілері өз сыныптарымен «Өмір бұл..» дөңгелек үстел өткізді.
 - 51.23.02.2023ж күні сынып жетекшілерге психолог Н.Құралбек «Қарым қатынас» тренингін өткізді.
 52. «Жас дағдарыстары. Оның адам өміріндегі ықпалы» тақырыбында 23.02.2023ж күні педагог - психолог Н.Құралбек педагогтармен мини лекция өткізді.
 - 53.24.02.2023ж күні 5-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен « Өмір сүру бұл керемет» фотосессиясы өткізілді.
 54. 24.02.2023ж күні психолог 5-11 сынып оқушыларымен «Қиын жағдайда не істейміз» тренингтерін өткізді.
 55. 24.02.2023ж декадаға белсене қатысқан сынып пен сынып жетекшілер марапталды.
 - 56.04.05.2023ж күні ата – аналардан «Сіз балаңызға қаншалықты жақынсыз?» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша ата – аналармен «Бала тәрбиесіндегі құндылықтар» «Ата – ана мен бала арасындағы байланыс» тақырыптарында жиналыстар мен жеке және топтық кеңестер өткізілді.
 - 57.5-11 сынып ата - аналарының қатысуымен «Бала тәрбиесі – бәрімізге ортақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Ата – аналарға бала

тәрбиесіндегі құндылықтар жайында ақпараттар берілді, қатысушыларды отбасындағы құндылықтарының қандай екенін ортаға салып, өз пікірлерін білдірді. Ата – ана мен бала арасындағы байланыс жайында түрлі жағдаяттық сұрақтар беріліп, қызу талқыланды. Сіз балаңызға қаншалықты жақынсыз тақырыбы аясында ата – аналарға балаларының қызығушылы жайында сұрақтар тарқатылды. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасындағы ата – ана рөлінің маңыздылығы, ұстаздар қолдауының құнды екені айқын жеткізілді.

58.12.05.2023ж күні «Баланың жас ерекшелігіне қарай ата – аналарға арналған жаднамалар, психологиялық кеңестер, ұсыныстар» тарату. «Ата – аналарға 100 кеңес» айдары негізінде 1-11 сынып ата – аналарына баланың жас ерекшелігін ескере отырып психологиялық кеңестер, жаднамалар, ұсыныстар тарқатылды.

59.2022-2023 оқу жылында 9 – 10 – 11 сынып оқушыларынан «Мұғалім мен оқушы», «Менің арманым», «Далалық зерттеу» мен «Кабинеттік талдау» жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың қызығушылықтары мен қарым – қатынастағы олқылықтары және оқу үлгеріміне байланысты мәселелерімен қоса тәуекел топ оқушыларыда анықталды. Жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша ақпараттар сынып жетекшілер мен мектеп ұжымына сандық мәлімет берілді. Олқылықтарды жою бойынша жалпы сыныптағы психологиялық ахуалды дұрыс қалыптастыру, қажетіне қарай сынып жетекшілерге жеке кеңестер берілді. Педагогтардың олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру жұмыстарына байланысты кеңестер, ұсыныстар берілді. Сонымен қатар жас мамандарға «1-5 сыныптың бейімделуіне байланысты кеңестер», «Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізуге арналған кеңестер», «Нейролингвистикалық» жаттығулар, «Жұмыста кездесетін қиындықтарды жеңу» тақырыптарында психологиялық тренингтер жүргізілді.

60.15.05 – 19.05.2023ж 7-9 сынып қыздарының бойындағы өзгерістерді анықтау мақсатында «Темперамент» тесті, «Социометрия» әдісі, «Менің арманым» эссе, «Менің құрбым» сауалнама диагностикалары жүргізілді. Жүргізілген диагностика нәтижесінде «Қызым үйде, қылығы түзде», «Қызға қырық үйден тыйым» «Қыз қандай болуы керек» тақырыптарында жалпы қыздар жиналысы, «Көңілді тренингтер шеруі», «Мен өмірді сүйемін» дөңгелек үстел, «Бақытқа жол» айлық, «Өмір бұл бақыт оны өз қолыңмен жаса» он күндіктер өткізіліп, анықталған қыздар қатыстырылып, жеке кеңестер жүргізілді, нәтижесінде 5 еуінде өте жақсы өзгерістер орын алғаны байқалды, 6 –да орташа өзгерістер анықталды, 4 қызда әліде төмен екені анықталды.

61.22.05.2023ж «Ерте жүктіліктің алдын алу» 9-11 сынып қыздар арасында психологиялық тренинг өткізілді. Жиналыс тақырыбы: «Болашаққа қамқорлық» Мақсаты: Отбасында қыз баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін ұлттық тәрбиенің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, жас

жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу. Өту барысы: қызықты психологиялық танысу тренигімен басталып, сұрақ – жауап және ұлттық мақал-мәтелдер айтумен жалғасты. Мағыналы бейнероликтер мен слайдтар көрсетіліп, қыз баланың қоғамдағы орнының қаншалықты құнды екені түсіндірілді. Қыздарға алдын ала дайындалған «Гүл кестесіндегі сан арман» кестесі тарқатылып, қыздарымыз өздерінің армандарын жазып толтырды. Миды сергіту тренингі жасалып, қыздар өздеріне «Болашаққа қамқорлық» психологиялық тренингтің үлкен ой саларлықтай өткенін, маңызды ақпараттар алғандарын айтып пікірлерін білдіріп және осындай тренингтер көбірек болса екен деген ойларында жеткізді.

62.24.05.2023ж «Кәсібің нәсіпті болсын десең, әкеңнен бата ал!»


тақырыбында әкелер мектебі мен 9-шы сынып оқушыларының кездесуі өтті. Кездесу барысы «Шар үрлеу» тренигімен басталып, мақсатымен таныстырылды. Әкелер мен балалар бір-біріне арнап «Ыстық лебіз» тренигімен өздернің жылы лебіздерін айтты. Әрі қарай мектебімізге практикаға келген Әбіхалық Аяулым қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтар жайлы слайдтар көрсетіп, тиімді жақтарын айтып өтті. Әкелер мектебімен оқушыларға түрлі ситуациялық сұрақтар беріліп, өздерінің ой пікірлерін ортаға салып, «Әке мен бала» бейне ролигі қойылды. Әрі қарай әкелер мен оқушылардың мамандықтар жайлы қаншалықты білетінін анықтау мақсатында «Сиқырлы әріптер сөйлейді» тренингі жүргізіліп, «Тәрбие отбасынан басталады» бейнеролигімен жалғасты. Қатысушылар 4 топқа бөлініп «Менің әкем, менің балам» тақырыбында берілген плакаттарға құндылықтарын жазып қорғады. Әкелер мен оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып «Сүйіспеншілік қадамы» тренингін құшақтасып, ең үлкен қарияның ақ батасымен кездесу аяқталды.

63.26.05.2023ж Мектепте «Діни экстремизм, терроризмге қарсы іс – қимыл» тақырыбында 9 – 11 сынып оқушылары арасында жиналыс болып өтті. Мақсаты: Оқушыларға экстремизм және терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Жиналыс барысында педагог – психолог Құралбек Нұргүл «Діни экстремизм, терроризм- бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» баяндама оқып, психологиялық тренинг өткізіп, оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.


64.30.05.2023ж Мектеп алды дайындық тобынан 1 сыныпқа дайындығын анықтау мақсатында зерттеу – зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 11 оқушы фигураларды толық таниды, 3 оқушы жақсы таниды, 2 оқушы орта, 1 оқушы төмен. Мұқияттылығы бойынша 17 оқушы жақсы деңгейде, 1 оқушы орташа деңгейде. Логикалық ойлау қабілеті бойынша 16 оқушы

жақсы деңгейде, 2 оқушы орташа деңгейде. Дұрыс жазу үлгісі бойынша 11 оқушы қатесіз жаза алады, 7 оқушы шатасып жазады. Сөйлемдерді көшіріп жазуы бойынша 15 оқушы қатесіз көшіреді, 3 оқушы көшіруде қиналады. 100-ге дейінгі санақ бойынша 3 оқушы 100-ге дейін санай алады, 6 оқушы 49-ға дейін санай алады, 3 оқушы 39-ға дейін санай алады, 2 оқушы 29-ға дейін санай алады, 1 оқушы 28-ге дейін санай алады, 1 оқушы 20-ға дейін санай алады, 1 оқушы 19-ға дейін санай алады, 1 оқушы 14-ге дейін санай алады. Есептеуі бойынша 8 оқушы дұрыс есептей алады, 7 оқушы есептеуде қиналады, 3 оқушы есептей алмайтыны анықталды.

Мектеп директоры:

 К.Калдыгозова

Педагог – психолог:

 Н.Кұралбек

